

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

5В070900-МЕТАЛЛУРГИЯ МАМАНДЫҒЫНЫҢ  
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Алматы 2015

Элективті пәндер каталогы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесімен бекітілген (№5 хаттама «05» маусымның 2015ж.). Алматы, ҚазҰТЗУ, 215.

Каталогта мамандық бойынша элективті пәндер (таңдау бойынша) тізімі, пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттері, пәнді оқу мақсаты, қысқаша мазмұны, күтілетін нәтижелері енгізілген.

## **БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА**

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады.

**Академиялық дәреже (бакалаврлар):**

**1-ші курс**

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Мамандықтың теориялық негіздер модулі	БПЖ 1.2.5	VvS 1205	Мамандыққа кіріспе	3	1
2		БПЖ 1.2.5.1	OS 1205.1	Мамандық негіздері	3	1

**VvS 1205 Мамандыққа кіріспе -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Математика», «Физика», «Химия», «Экология және тұрақты даму».

**Оқыту мақсаты:** студентке кен базасы мен дайындау операцияларын байланыстырып, металлургиялық өндірістің негізгі элементтері бойынша білім беру, келешек мамандығы туралы, оқу кезінде алған білімін қолдану саласы және болашақтағы кәсіптік қызметінің мүмкіндікті бағыттары бойынша түсінікті қалыптастыру

**Қысқаша мазмұны:** Металлургия саласындағы негізгі терминологиялар (байыту, экстракциялық металлургия, қайта өңдеу металлургиясы, кәсіпорын мен зертханалар жабдықтары). Отандық және шетелдік металлургиялық кәсіпорындарда қолданылатын технологиялар мен басты жабдықтар негіздері. Кенді шикізатты металлургиялық өндеуге дайындау. Қара және түсті металдарды өндеу және алудың негізгі технологиялары. ҚР-дағы және әлемнің дамыған елдеріндегі металлургияның заманауи күйі. Металлургияның дамуындағы отандық ғалымдар мен мамандардың ролі. Мамандыққа арналған негізгі оқулықтармен, монографиялармен және мерзімді баспасөзбен танысу. Экстракциялық және қайта өндеу металлургиясының даму келешегі. Өндірісті кеңейтудің және жасаудың экономикалық негізделуі. Металлургиялық өндірістің экологиялық мәселелері және оларды шешу бағыттары. Қайтарма металлургиялық шикізат ұғымы және оны өндеу. Бакалавр мен магистрдің металлургия өндірісіндегі ролі. Заманауи маман-металлургтің негізгі сипаты, оның арнайы және жалпы дайындығының қажетті деңгейі туралы ұғымдар.

**Күтілетін нәтижелер:** металдың өнеркәсіптік сыныптамада алатын орынын анықтай білу, минералдардың, шикікұрамның рационалдық құрамын анықтау есептеулерін орындау, металлургиялық агрегаттар типтерін анықтауға негізделген инженерлік есептеулерді орындау.

**Постреквизиттері:** «өндірістік практика», «Металлургия процестерінің теориясы», «Металдарды бөлу және тазарту теориясы мен практикасы», «Қиын байытылатын металлургиялық шикізаттарды өндеу».

**OS 1205.1 Мамандық негіздері -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Математика», «Физика», «Химия».

**Оқыту мақсаты:** студенттерді басты металлургиялық терминдермен таныстыру, болашақтағы кәсіптік қызметінің мүмкіндікті бағыттары бойынша түсінікті қалыптастыру

**Қысқаша мазмұны:** ҚР-дағы және әлемнің дамыған елдеріндегі металлургияның заманауи күйі. Кенді шикізатты металлургиялық өндеуге дайындау. Металлургия саласындағы негізгі терминологиялар (байыту, экстракциялық металлургия, қайта өндеу металлургиясы, кәсіпорын мен зертханалар жабдықтары). Отандық және шетелдік металлургиялық кәсіпорындарда қолданылатын технологиялар мен басты жабдықтар негіздері. Қара және түсті металдарды өндеу және алудың негізгі технологиялары. Экстракциялық және қайта өндеу металлургиясының даму келешегі. Қайтарма металлургиялық шикізат ұғымы және оны өндеу.

**Күтілетін нәтижелер:** металлургиялық агрегаттар типтерін анықтауға негізделген инженерлік есептеулерді орындау, металдың өнеркәсіптік сыныптамада алатын орынын анықтай білу, минералдардың, шикіқұрамның рационалдық құрамын анықтау есептеулерін орындау.

**Постреквизиттері:** «Өндірістік практика», «Металлургия процестерінің теориясы».

**Академиялық дәреже (бакалаврлар):**

**2-ші курс**

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Мамандықтың теориялық негіздері	БПЖ 2.2.15	MiS2215	Металдар және оның қосылыстары	3	4
2		БПЖ 2.2.15.1	SCChM2215.1	Түсті және қара металдардың қорытпалары	3	4
3		БПЖ 2.2.15.2	ORMK2215.2	Қазақ металлургиясының даму ерекшеліктері	3	4
4		БПЖ 2.2.15.3	OPSM2215.3	Арнайы материалдарды алу негіздері	3	4

**MiS2215 Металдар және оның қосылыстары-3кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика», «Химия», «Физикалық химия».

**Оқыту мақсаты:** Пирометаллургия және гидрометаллургияда өтетін процестердің теориялық негіздерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Пәнде металдар, олардың қосылыстары және қорытпалардың физика-химиялық қасиеттері, олардың кен орындары, табиғатта таралуы, алудың негізгі жолдары зерттеледі, сонымен бірге ғылым мен техникада металдар, олардың қосылыстары мен қорытпалардың қолданылуы қарастырылады.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент металдар, олардың қосылыстары және қорытпалардың физика-химиялық қасиеттерін, олардың кен орындарын, табиғатта таралуын, алудың негізгі жолдарын, сонымен бірге ғылым мен техникада металдар, олардың қосылыстары мен қорытпалардың қолданылуын білуі керек. Су, қатты және ерітілмелі орталарда өтетін процестердің кинетикасы, термодинамикасы, физикалық - химия процестер бойынша теориялық білім алу негізде технологиялық есептеулерді өткізуін меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар», «Ауыр түсті металдар металлургиясы».

**SCChM2215.1 Түсті және қара металдардың қорытпалары-3кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Физикалық химия», «Металлургиялық процестердің теориясы».

**Оқыту мақсаты:** Қара және түсті металдар қорытпаларын балқытудың негізгі процестерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Қара және түсті металдар қорытпаларын балқытудың негізгі процестері металлургиядағы дәстүрлі және жаңа процесстер саласында теориялық,

технологиялық және конструктивтік сипаттағы сұрақтарын қамтиды. Металлдар өндіріс технологияларды талдау, металлургиялық агрегаттардың конструкцияларын және технологиялық схемаларын әзірлеу және технологиялық есептеулерін өткізу бойынша біліктілікті игеру.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент қара және түсті металлдар қорытпаларын өндіру технологияларын білуі керек. Қара және түсті металлдар қорытпаларын өндіретін заманауи жабдықтармен жұмыс жасауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы автогенді процестер», «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар».

### **ORMK2215.2 Қазақ металлургиясының даму ерекшеліктері-3кредит**

**Пререквизиттері:** «Ақпараттану», «Математика», «Физика», «Химия», «Физикалық және коллоидты химия», «Экология және тұрақты даму».

**Оқыту мақсаты:** студенттерде кендер, минералдар, минералды шикізат кен орындары, металлургиялық өндірістің негізгі процестері, базалық металлдарды алудың негізгі технологиялары, металлургиялық кәсіпорындардың орналасуы, кенді шикізаттардың ерекшеліктері және өңдеуші ҚР зауыттарының технологиялары туралы білім беру.

**Қысқаша мазмұны:** Металлургия саласының теориясы мен тәжірибесінің дамуы. Қазақстанда және дүниежүзінде металлургияның дамуы. Металдық күй. Металдар мен қорытпалардың физика-химиялық қасиеттері. Металдар сыныптамасы. Шикі материалдардың жалпы сипаттамасы. Кен және минералдар. Металлургиялық өндеудің жалпы сұлбалары мен процестері. Байытудың негізгі әдістері. Ауыр түсті металлдар өндірісінің технологиясы. Пирометаллургиялық процестер. Гидрометаллургиялық процестер. Балқыму әдістері мен түрлері. Мыстың, алюминийдің, уранның, шойын мен болаттың алынуы. Қорғасын мен мырыш металлургиясы. Қайта өңдеу металлургиясы.

**Күтілетін нәтижелер:** Қазақстанда түсті және қара металлургия кәсіпорындарының орналасуы мен қолданылатын технологиялардың ерекшеліктерін зерделеу; стехиометриялық есептеулерді орындау.

**Постреквизиттері:** «Композициялық материалдар технологиясы», «Пирометаллургия», «Қайта өңдеу металлургиясының процестері мен технологиясы», «Ұнтақты және композициялық материалдар өндірісі».

### **OPSM2215.3 Арнайы материалдарды алу негіздері-3кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика I», «Химия», «Физика II», «Математика I», «Математика II».

**Оқыту мақсаты:** студенттерге арнайы материалдарды алудың технологиялық процестерінің негізгі заңдылықтарын білу және соның негізінде әртүрлі жоғары температуралы материалдарды алу саласында білім беру, қазіргі уақыттың материалдарын алудың жаңа келешекті әдістерімен танысу. Қысқаша мазмұны: Арнайы ұнтақты материалдарды алу әдістері. Ұнтақтардың негізгі қасиеті. Престеуге және қалыптауға дайындау. Антифракциялық материалдар. Фракциялық материалдар. Конструкциялық материалдар. Магнитті материалдар. Қазіргі заманауи энергетикасына материалдар. Жоғары температуралық материалдар. Композициялық материалдар. Кеуекті материалдар мен бұйымдар.

**Күтілетін нәтижелер:** Ұнтақты және композициялық материалдардың сапасы мен процестердің технологиялық көрсеткіштерімен параметрлерін есептеу. Жоғары температуралы материалдарды қарастыру.

**Постреквизиттері:** «Қорғаушы қаптамаларды алу», «Арнайы тағайындалған ұнтақты материалдар және композициялық өндірісі»

**Академиялық дәреже (бакалаврлар):****3-ші курс**

№	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Сем естр
1	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	БПЖ 3.2.17	OM	Жалпы металлургия	3	5
2	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	БПЖ 3.2.17.1	PRMCP	Полиметалды шикізатты кешенді өндеудің негіздері	3	5
3	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	БПЖ 3.2.17.2	PMDK	Қазақстанда металлургияның даму ерекшеліктері	3	5
4	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	БПЖ 3.2.17.3	BSMP	Арнайы материалдарды алу негіздері	3	5
5	Мамандықтың теориялық негіздері II	БПЖ 3.2.18	MMTC	Металдар және олардың қосылыстары	3	5
6	Мамандықтың теориялық негіздері II	БПЖ 3.2.18.1	NFMA	Түсті және қара металдар қорытпалары	3	5
7	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	БПЖ 3.2.18.2	NFMA	Гидрометаллургия	3	5
8	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	БПЖ 3.2.18.3	TRM	Металдардағы қаптамалар технологиясы	3	5
9	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	БПЖ 3.2.19	RMPMP	Металлургиялық өндеуге шикізат дайындау	3	5
10	Ғылыми-зерттеу I	БПЖ 3.2.19.1	OSIM	Металлургиядағы ғылыми зерттеу негіздері	3	5
11	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	БПЖ 3.2.19.2	GTMB	Металлургиядағы геотехнологиялар	3	5
12	Металлургиялық өндіріс технологиялары	БПЖ 3.2.19.3	ERTN	Металлургия өндірісінің экологиялық үйлесімді	3	5

	II			технологиялары		
13	Мамандықтың теориялық негіздері II	БПЖ 3.2.20	APM	Металлургиядағы автогенді процестер	3	5
14	Мамандықтың теориялық негіздері II	БПЖ 3.2.20.1	NTM	Нанотехнологияға кіріспе	3	5
15	Ғылыми-зерттеу модулі I	БПЖ 3.2.20.2	ISM	Металлургиядағы өлшеу және сертификаттау	3	5
16	Ғылыми-зерттеу I	БПЖ 3.2.20.3	CRMMP	Металлургия процестерін бақылау, реттеу және басқару	3	5
17	Металлургиядағы процестер мен жабдықтар I	БПЖ 3.2.21.1	FMPP	Қара металдар металлургиясының процесі	3	6
18	Металлургиялық өндіріс технологиялары III	БПЖ 3.2.21.2	OPE	Болат және шойын өндірісі	3	6
19	Ғылыми-зерттеу модулі I	БПЖ 3.2.21.3	OPE	Эксперименттерді ұйымдастыру және жоспарлау	3	6
20	Ғылыми-зерттеу модулі I	БДЖ 3.2.21.3	НИМ	Металлургиядағы ғылыми зерттеулер және инновациялар	3	6
21	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	ППЖ 3.3.4	MRM	Жеңіл металдар металлургиясы	4	6
22	Металлургиядағы процестер мен жабдықтар I	ППЖ 3.3.4.1	MPE	Металлургиядағы процестер мен жабдықтар	4	6
23	Ғылыми-зерттеу I	ППЖ 3.3.4.2	PCMI	Металлургиялық процестерді физика-химиялық зерттеу.	4	6
24	Ғылыми-зерттеу I	ППЖ 3.3.4.3	CDM	Коррозия және металдарды қоғау	4	6
25	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	ППЖ 3.3.5	NFMP	Ауыр түсті металдар металлургиясы	4	6
26	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	ППЖ 3.3.5.1	NFME	Түсті металдар электрометаллургиясы	4	6
27	Металлургиядағы процестер мен аппараттар I	ППЖ 3.3.5.2	TMP	Металлургиялық пештердің теориясы	4	6



28	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	ППЖ 3.3.5.3	ТКМ	Композициялық материалдардың технологиясы	4	6
29	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	ППЖ 3.3.6	MLM	Сирек металдар металлургиясы	4	6
30	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	ППЖ 3.3.6.1	NFMP	Радиоактивті және ілеспелі металдар металлургиясы	4	6
31	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	БПЖ 3.3.6.2	PyrM	Пирометаллургия	4	6
32	Металлургиялық өндіріс технологиялары II	ППЖ 3.3.6.3	PM	Ұнтақты металлургия	4	6

### **ОМ Жалпы металлургия -3кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Физика», «Теория металлургических процессов».

**Оқыту мақсаты:** Қара, түсті және сирек металдардың шикізатын металлургиялық өңдеуінің, шикізатты металлургиялық өңдеуге дайындауының, кен байыту және өндіру әдістерінің теориялық негіздерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Осы курс металлургияның кіріспе бөлімі болып табылады, ол студентке металлургиядағы негізгі терминдер және анықтауларын, технологиялық процестерін өңдеудің жалпы принциптерін және негізгі металлургиялық агрегаттардың конструкциясы мен жұмыс істеу принциптерін меңгеруге көмектеседі.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент метал, кен және минералдардың классификациясын; жер қабатында қара және түсті металдар минералдарының көп таралғандығын, түрлері мен негізгі базаларын; металлургия саласындағы негізгі терминдер және ұғымдардың мәнін; металлургиялық қайта өңдеуге шикізатты әзірлеу және кен байыту процестердің түрлері және теориялық негіздерін; пиро-, гидро- және электрометаллургиялық процестердің теориялық негіздерін; қара, түсті және сирек металдарды алудың технологиялық схемаларын; негізгі металлургиялық агрегаттардың конструкциясы мен жұмыс істеу принципін; технологиялық процестердің режимдік параметрлері мен көрсеткіштерін білуі керек. Қара, түсті және сирек металл шикізаттың өңдеудің заманауи мәселелерін шешу үшін, олардан бағалы компоненттерді шығару «Жалпы металлургия» курсынан алған білімді қолдануын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металдар және оларың қосылыстары», «Полиметалды шикізатты кешенді өңдеудің негіздері», «Қара және түсті металдар қорытпалары», «Металлургиядағы автогенді процестер».

### **PRMCP Полиметалды шикізатты кешенді өңдеудің негіздері -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Металлургиялық процестердің теориясы», «Жалпы металлургия», «Металлургия негіздері».

**Оқыту мақсаты:** Полиметалды және қайталама шикізатты кешенді қолдануының негіздерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Қазақстан Республикасының түсті металлургиясы қолданылатын шикізаттың алуан түрлілігімен, күрделі технологиялық схемаларымен, бағалы компоненттерді шығарудың тиімді қайта өңдеуді қажет ететін үлкен көлемдегі алынатын техногенді материалдармен ерекшелінеді.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент полиметалды шикізатты кешенді өңдеудің негізгі технологиялық процестерін білуі керек. Жаңа техникалық шешімімен жұмыс нәтижелері негізінде тиісті тақырыптар бойынша курстық жұмысын орындау және техникалық әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларын қолдануын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Түсті ауыр металдар өндірісі», «Женіл және сирек металдар өндірісі», «Қайталама шикізат пен техногенді материалдарды қайта өңдеу технологиясы».

### **РМДК Қазақстанда металлургияның даму ерекшеліктері -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Ақпараттану», «Математика», «Физика», «Химия», «Физикалық және коллоидты химия», «Экология және тұрақты даму».

**Оқыту мақсаты:** студенттерде кендер, минералдар, минералды шикізат кен орындары, металлургиялық өндірістің негізгі процестері, базалық металдарды алудың негізгі технологиялары, металлургиялық кәсіпорындардың орналасуы, кенді шикізаттардың ерекшеліктері және өңдеуші ҚР зауыттарының технологиялары туралы білім беру.

**Қысқаша мазмұны:** Металлургия саласының теориясы мен тәжірибесінің дамуы. Қазақстанда және дүниежүзінде металлургияның дамуы. Металдық күй. Металдар мен қорытпалардың физика-химиялық қасиеттері. Металдар сыныптамасы. Шикі материалдардың жалпы сипаттамасы. Кен және минералдар. Металлургиялық өңдеудің жалпы сұлбалары мен процестері. Байытудың негізгі әдістері. Ауыр түсті металдар өндірісінің технологиясы. Пирометаллургиялық процестер. Гидрометаллургиялық процестер. Балқыму әдістері мен түрлері. Мыстың, алюминийдің, уранның, шойын мен болаттың алынуы. Қорғасын мен мырыш металлургиясы. Қайта өңдеу металлургиясы.

**Күтілетін нәтижелер:** Қазақстанда түсті және қара металлургия кәсіпорындарының орналасуы мен қолданылатын технологиялардың ерекшеліктерін зерделеу; стехиометриялық есептеулерді орындау.

**Постреквизиттері:** «Композициялық материалдар технологиясы», «Пирометаллургия», «Қайта өңдеу металлургиясының процестері мен технологиясы», «Ұнтақты және композициялық материалдар өндірісі».

### **BSMP Арнайы материалдарды алу негіздері -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика I», «Химия», «Физика II», «Математика I», «Математика II».

**Оқыту мақсаты:** студенттерге арнайы материалдарды алудың технологиялық процестерінің негізгі заңдылықтарын білу және соның негізінде әртүрлі жоғары температуралы материалдарды алу саласында білім беру, қазіргі уақыттың материалдарын алудың жаңа келешекті әдістерімен танысу. Қысқаша мазмұны: Арнайы ұнтақты материалдарды алу әдістері. Ұнтақтардың негізгі қасиеті. Престеуге және қалыптауға дайындау. Антифракциялық материалдар. Фракциялық материалдар. Конструкциялық материалдар. Магнитті материалдар. Қазіргі заманауи энергетикасына материалдар. Жоғары температуралық материалдар. Композициялық материалдар. Кеуекті материалдар мен бұйымдар.

**Күтілетін нәтижелер:** Ұнтақты және композициялық материалдардың сапасы мен процестердің технологиялық көрсеткіштерімен параметрлерін есептеу. Жоғары температуралы материалдарды қарастыру.

**Постреквизиттері:** «Қорғаушы қаптамаларды алу», «Арнайы тағайындалған ұнтақты материалдар және композициялық өндірісі»

### **ММТС Металдар және оларын қосылыстары -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика», «Химия», «Физикалық химия».

**Оқыту мақсаты:** Пирометаллургия және гидрометаллургияда өтетін процестердің теориялық негіздерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Пәнде металдар, олардың қосылыстары және қорытпалардың физика-химиялық қасиеттері, олардың кен орындары, табиғатта таралуы, алудың негізгі жолдары зерттеледі, сонымен бірге ғылым мен техникада металдар, олардың қосылыстары мен қорытпалардың қолданылуы қарастырылады.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент металдар, олардың қосылыстары және қорытпалардың физика-химиялық қасиеттерін, олардың кен орындарын, табиғатта таралуын, алудың негізгі жолдарын, сонымен бірге ғылым мен техникада металдар, олардың қосылыстары мен қорытпалардың қолданылуын білуі керек. Су, қатты және ерітілмелі орталарда өтетін процестердің кинетикасы, термодинамикасы, физикалық - химия процестер бойынша теориялық білім алу негізде технологиялық есептеулерді өткізуін меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар», «Ауыр түсті металдар металлургиясы».

### **NFMA Түсті және қара металдар қорытпалары -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Физикалық химия», «Металлургиялық процестердің теориясы».

**Оқыту мақсаты:** Қара және түсті металдар қорытпаларын балқытудың негізгі процестерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Қара және түсті металдар қорытпаларын балқытудың негізгі процестері металлургиядағы дәстүрлі және жаңа процестер саласында теориялық, технологиялық және конструктивтік сипаттағы сұрақтарын қамтиды. Металдар өндіріс технологияларды талдау, металлургиялық агрегаттардың конструкцияларын және технологиялық схемаларын әзірлеу және технологиялық есептеулерін өткізу бойынша біліктілікті игеру.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент қара және түсті металдар қорытпаларын өндіру технологияларын білуі керек. Қара және түсті металдар қорытпаларын өндіретін заманауи жабдықтармен жұмыс жасауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы автогенді процестер», «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар».

### **NFMA Гидрометаллургия -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика», «Математика», «Химия», «Физикалық және коллоидтық химия».

**Оқыту мақсаты:** Кенді шикізаттар мен металлургиялық өнеркәсіп өнімдерінен металдарды комплексті бөліп алудың қазіргі гидрометаллургиялық тәсілдерінің теориялық негіздері мен технологиялары жөнінде жүйелі ұсынысты қалыптастыру, технологиялық процестерді талдау және технологияны жетілдіру әдістерін таңдау бойынша студентті өзіндік жұмысқа дайындау.

**Қысқаша мазмұны:** Гидрометаллургиядағы негізгі процестер мен операциялар. Шаймалау процесінің технологиялық түрлері. Металлургиялық шикізаттарды тотықтырмай шаймалау теориясының негіздері және тәжірибесі. Металлургиялық шикізаттарды тотықтырып шаймалаудың теориясы. Тотықтырып шаймалау процесінің термодинамикасы. Талғамды және ұйымдасқан сульфидті материалдарды қайта өңдеуде гидрохимиялық тотықтырып шаймалау процестерін пайдалану. Талғамды және ұйымдасқан сульфидті материалдарды қайта өңдеуде гидрохимиялық тотықтырып шаймалау процестерін пайдалану Сульфидті материалдарды гидроэлектрометаллургиялық қайта өңдеу. Экстракцияны тәжірибе жүзінде іске асыру. Ионалмастыру процестерінің теориясы мен практикасы.

**Күтілетін нәтижелер:** Гидрометаллургиялық процестерді қарқындалу тәсілдері мен технологиялардың қазіргі деңгейін сынап таңдау. Полиметалдық шикізаттарды

кешенді өңдеудің аз қалдықты және экологиялық таза технологияларын салыстырмалы талдауды жүргізуді игеру.

**Постреквизиттері:** «Түсті және сирек металдар металлургиясы», «Таза металдар мен қорытпаларды алу», «Полиметалдық шикізаттарды комплексті қайта өңдеу».

### **ТРМ Металдардағы қаптамалар технологиясы -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Металлургия процестерінің теориясы», «Физикалық химия», «Физика», «Электротехника».

**Оқыту мақсаты:** білім алушыларға металл, органикалық және құрамдас қаптамаларын алудың теориясы мен технологиясы туралы білім беру болып табылады.

**Қысқаша мазмұны:** қаптама сыныптамасы туралы; қорғаушы қаптамалардың қасиеті мен функциясы; қаптаманы алудың негізгі әдістері мен олардың тағайындалуы; қорғаушы қаптамаларды алуға арналған жабдықтардың негізгі түрлері.

**Күтілетін нәтижелер:** білім алушылар осы курсты оқыған соң қорғаушы қаптамаларды алудың технологиялық режимдеріне; қаптамалардың және қаптамаға қойылған мақсат пен тағайындалуына қарай оларды алудың әдістеріне салыстырмалы талдау жүргізе алады, сонымен қатар әр түрлі қорғаушы қаптамалар түрлерін салыстыру мүмкіндігіне ие болады; қажетті технологиялық есептеулерді жүргізуге дағдыланады.

**Постреквизиттері:** «Коррозиядан қорғау әдістері», «Арнайы материалдарды алу негіздері».

### **RMPMP Шикізаттың металлургиялық қайта өңдеуге дайындау -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Жалпы металлургия», «Полиметалды шикізатты кешенді өңдеудің негіздері», «Металдар және олардың қосылыстары».

**Оқыту мақсаты:** Металлургиялық өңдеуге шикізат дайындаудың негізгі технологиялық әдістерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Металлургиялық өңдеу үшін кен және концентраттарды құрғату және ұсақтауға арналған жабдықтар. Кен және концентраттарды құрғату, ұсақтау және брикеттеу технологиясы.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент полиметалды шикізаттың уақталу, ұсақтау, құрғату, түйіршектеу және брикеттеу процестердің технологиясын білуі керек. Полиметалды шикізат өңдеудің заманауи мәселелерін шешу үшін металлургиялық қайта өңдеуге шикізатты әзірлеу бойынша жұмыс дағдыларын қолдануын игеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар», «Металлургиядағы автогенді процестер».

### **OSIM Металлургиядағы ғылыми зерттеу негіздері -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Жалпы металлургия», «Металдар және олардың қосылыстары».

**Оқыту мақсаты:** Металлургиядағы ғылыми зерттеу негіздерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** “Ғылым” ұғымының анықтамасы. Қазақстандағы металлургия ғылымының даму этаптары. ҚР ғылыми зерттеуді ұйымдастыру. ҒЗЖ мен СҒЗЖ нысандары, олардың мәні. Ғылыми танымның әдістемелік негіздері. Ғылыми ақпаратты өңдеу және сақтау. Ғылыми зерттеудің этаптары. Сынама алу және оны дайындау, металлургиялық экспериментті қою жолдары. Ғылыми құжаттардың түрлері мен сыныптамасы. Қателіктер, оларды болдырмау, эксперименттік деректерді корреляциялық талдау. Ғылыми құжаттарды рәсімдеу, зерттеу нәтижелерін ұсыну. Ғылыми әзірлемелердің тиімділігі мен енгізілуі. Металлургиядағы ҒЗЖ бағыты.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент ғылыми зерттеулердің кезеңдерін, ғылыми әзірлемелердің тиімділігі мен енгізілуін және металлургиядағы ҒЗЖ бағыттарын білуі керек. Лабораториялық жабдықтармен жұмыс істеу мен ғылыми тәжірибелерді өткізуін және ғылыми құжаттаманы рәсімдеуін меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы автогенді процестер», «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар».

### **GTMB Металлургиядағы геотехнологиялар -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Математика», «Физика», «Химия», «Экология және тұрақты даму».

**Оқыту мақсаты:** студенттерге кенді металлургиялық шикізаттарды әзірлеудің геотехнологиялық әдістерін металлургия саласында қолданудың технологиялары туралы жүйелі білім беру.

**Қысқаша мазмұны:** Жер қыртысындағы геохимиялық процестер. Минералдардың қалыптасуы, қара және түсті металдардың кен орындары. Геотехнология әдістері. Геотехнологиялық әдістермен металды бөліп алу мүмкіндіктері. Табиғат пен кен қорына сәйкес металды бөліп алудың геотехнологиялық әдісін таңдау. Жерасты, ұңғылы және үйінді шаймалау. Металды бөліп алуға реагент табиғатының әсері. Геотехнологиялық процестердегі бактерияның рөлі. Үйінді шаймалауды ұйымдастыру және тәжірибеде қолданылу мысалдары. ҚР және шетелдердегі түсті металдарды бөліп алуда жерасты және үйінді шаймалауды ұйымдастыру, қолдану жағдайлары.

**Күтілетін нәтижелер:** өңдеу үшін барынша үйлесімді әдісті анықтау мақсатында кенді шикізаттың сапасын талдау; Пурбе диаграммасы бойынша бағалы компонентті шаймалау ықтималдығын бағалау; шаймалау, экстракция, сорбция, электролиз, шөктіру процестерімен байланысты кейбір технологиялық көрсеткіштер мен параметрлерді есептеу.

**Постреквизиттері:** «Металдарды бөлу және тазарту теориясы мен практикасы», «Табанды металлургиялық шикізаттарды өңдеу».

### **ERTN Металлургия өндірісінің экологиялық үйлесімді технологиялары-3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Математика», «Физика», «Химия», «Экология және тұрақты даму».

**Оқыту мақсаты:** студенттердің экологиялық таза металлургиялық өндірістер жасаумен байланысты салада білім алуы.

**Қысқаша мазмұны:** Металлургияның қоршаған ортаға әсері. Қоршаған ортаға әсер етуші негізгі факторлары. Ресурстарды пайдалану. Экологиялық таза металлургия жасаудың жалпы принциптері. Экологиялық таза металлургия өндірісіне қойылатын негізгі талаптар. Экологиялық таза металлургия құру. Металлургия өндірісінің әртүрлі әдістерінің салыстырмалы сипаттамасы. Жаңа процестерді құру кезіндегі экологиялық стратегия. Техноаясындағы элементтағындары. Элементтағындары және техногенді кен орындарының қалыптасуы. Техногендік ресурстар. Жобалау және технологиялық шешімдердің экологиялық тиімділігін бағалау. Экологиялық мониторинг жүйесі. Экологиялық менеджменттің жүйесі.

**Күтілетін нәтижелер:** полиметалдық шикізаттарды кешенді өңдеудің аз қалдықты және экологиялық таза технологияларын салыстырмалы талдауды жүргізуді игеру; әзірленетін технологиялардың эколого-экономикалық тиімділігін бағалау әдістерін қолдана білу; экологиялық баланс есептеулерін орындау.

**Постреквизиттері:** «Металлургия процестерінің технологиясы», «Металдарды бөлу және тазарту теориясы мен практикасы».

### **APM Металлургиядағы автогенді процестер -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Математика», «Физика», «Химия», «Физикалық химия», «Металлургиялық процестердің теориясы», «Металлургиялық теплотехника», «Металлургия негіздері».

**Оқыту мақсаты:** Физика-химиялық процестердің, газды, балқытпа және қатты материалдардың қозғалу динамикасының, жылу өткізудің, жабдықтардың

конструкцияларының, режимдік параметрлер және көрсеткіштердің, технологияның ары қарай дамуының жолдарының теориялық негіздерін зерттеу.

**Қысқаша мазмұны:** Түсті металлдардың шикізат өңдеуінің автогендік заманауи процесстердің теориялар және тәжірибелер сұрақтары (КИВЦЭТ, ПЖВ, Оутокумпу- Оу, QSL, Ausmelt, Isasmelt т. б.). Өндірістердің технологиялық схемалары, металлургиялық агрегаттардың конструкциясы мен жұмыс істеу принципі, процесстердің негізгі техника-экономикалық көрсеткіштері.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент біліктіліктің жалпы ғылыми және кәсіби негіздерін, сонымен қатар негізгі білімдер: сульфидті материалдарды күйдіру және балқытудың автогендік процесстерінің технологиялық схемаларын, процесстердің теориялық негіздерін; металлургиялық агрегаттардың конструкциясы мен жұмыс істеу принципін; технологиялық процесстердің режимдік параметрлері және көрсеткіштерін білуі керек. Металлургияға заманауи мәселелерді шешу үшін білімдерді қолдануды, агрегаттардың жұмыс істеу және күрделі технологиялық процесстерді талдаудың негіздерін меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** дипломдық жобалау.

### **NTM Нанотехнологияға кіріспе -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика», «Химия», «Металлургиялық процесстердің теориясы».

**Оқыту мақсаты:** Наноматериалдардың дамуындағы және олардың қоғам өмірінде қолданылуында келесі қадамдарды студенттер жасайтындықтан, оларды нанотехнологиялардағы зерттеулердің жағдайымен таныстыру

**Қысқаша мазмұны:** Бүгінгі күні нанотехнологиялар – бұл ғылым мен инженериядағы жаңа бағыттардың бірі, әсіресе, егер жаңа тауарлар мен қызметтердің жоғары сапалы нарығын құру мақсатында нанотехнологияларды жылдам енгізу үшін жағдайлар жасалған болса ол бәсекеге қабілетті өнеркәсіптің негізгі қозғаушы күші бола алады.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игергеннен кейін студент наноұнтақтар және наноматериалдардың қалыптасуының негізгі физика-химиялық заңдылықтарын білуі керек. Заманауи отпика-электрондық жабдықпен мен жұмыс істеуін меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы жана технологиялар», «Қорғаушы қаптаамаларды алу», дипломдық жұмысты жобалау.

### **ISM Металлургиядағы өлшеу және сертификаттау -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика», «Математика», «Құқық негіздері», «Инженерлік графика», «Экология».

**Оқыту мақсаты:** білім алушыларға металлургияда қолданылатын өлшеулер, металлургиялық өнімдерді сертификаттау, өнім сапасын талдау бағыттарында білім беру және осы саланың әдістерімен, қолданылатын құрал – жабдықтарымен таныстыру.

**Қысқаша мазмұны:** Мемлекеттік, мемлекетаралық және халықаралық дәрежедегі метрология және сертификаттау жүйелері. Физикалық шама және оның бірлігі. Халықаралық бірліктер жүйесі. Өлшеу қателері. Өлшеу құралдарының сыныпталуы, метрологиялық сипаттамасы және нормалануы. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу. Метрологиялық қамтамасыздандыру негіздері. Сертификаттау ұғымы, мақсаты және объектілері. Сертификаттаудың негізгі принциптері мен түрлері. Сертификаттау жұмысын қаржыландыру. Сертификаттау бойынша жүргізілетін жұмыстар және орындалатын құжаттар. Сертификатталған өнім сапасын бақылау. Сертификаттауды жүргізуші ұйымдар құрылымы және олардың атқаратын қызметі. Сертификаттаушы ұйымдарға қойылатын талаптар. Экологиялық сертификаттау жүйесі. Сапа жүйесін сертификаттау. Өнім сапасын басқару жүйесі, бағалау әдістері, аттестаттау. Техникалық реттеу негізінде өнім сапасын қамтамасыз ету.

**Күтілетін нәтижелер:** металлургия өндірісі өнімдерін бағалау және аттестаттау әдістерін салыстырмалы талдау; экологиялық сертификаттаудың негізгі принциптерін талдау; жаңа материалдар мен технологияларды сертификаттау жолдары; салыстырып тексеру әдістеріне есептеулер; өлшеу қателіктерін айқындау есептеулері.

**Постреквизиттері:** «Қоршаған орта және еңбекті қорғау», «Металлургиядағы ғылыми зерттеулер және инновациялар», «Металлургия өндірісінің арнайы тараулары».

### **CRMMP Металлургия процестерін бақылау, реттеу және басқару -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Математика», «Металлургия процестерінің теориясы».

**Оқыту мақсаты:** металлургиялық процестердегі технологиялық ауыспалыларды өлшеу әдістерін оқу; ең маңызды технологиялық параметрлерді бақылаудың техникалық құралдарының әрекеттік принциптері мен құрылымын зерделеу; басқару жүйелерінің типтік элементтерінің жұмысын зерттеу; үздіксіз металлургиялық процестерді реттеудің теориясы және техникасы негіздерімен танысу.

**Қысқаша мазмұны:** Бұл курста реттеу теориясы мен реттеу жүйелері бойынша негізгі деректер берілген; басқару және нақты металлургиялық процестерді бақылау жүйелері қарастырылған. Басқарудың автоматтық жүйелерінің типтік элементтерінің құрылуы мен жұмысының принциптері, теориясының негіздері қарастырылған, металлургия процестерінің температура, қысым мен деңгей, мөлшер мен шығын, зат құрамы сияқты ең маңызды технологиялық параметрлерін бақылаудың негізгі өлшеу әдістері мен қазіргі уақыттағы аспаптары сипатталған. Автоматы реттегіштердің құрылымы мен әрекеттену принциптері келтірілген.

**Күтілетін нәтижелер:** өлшеу аппаратурасын қолдану шеберлігін игеру; қарапайым функционалдық сұлбаларды әзірлеу; бақылау, реттеу және басқару жүйелерін талдау және жобалау кезінде басқару шешімін қабылдай білу.

**Постреквизиттері:** «Металлургия процестері мен аппараттары», «Металлургия процестерін физика-химиялық зерттеу».

### **FMPP Қара металдар металлургиясының процесі -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Металлургия негіздері», «Металлургиялық процестердің теориясы», «Ғылыми зерттеулердің негіздері».

**Оқыту мақсаты:** Қара металдар металлургиясының негізгі процестерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Теміркенді шикізаттарды металлургиялық процестерге дайындау, оларды домна пешінде редуциялай балқытып металл алу, одан әрі болат қорытатын агрегаттарда өңдеу туралы өндірістік процестері. Шикізаттарды дайындау оларды брикеттеп алу, агломерациялау және жентектеу процестерін қамтиды. Домна процесінде металдарды редуциялау, балқыту, қождың құрылу және шойынның алыну процестері қарастырылады. Өндірілетін шойын сол балқыған күйінде болат қорытатын агрегаттарда – оттекті конвертерде, доғалы пештерде одан әрі қорыту кезінде өңделеді.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент металлургиялық өндірістің технологиясын, теориялық және тәжіребелік есептерді шешу тәсілдерін білуі керек. Күрделі металлургиялық процестерді талдау, өндірістердің жаңа процестерін жоспарлауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар».

### **ORE Болат және шойын өндірісі -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Металлургия негіздері», «Ғылыми зерттеулердің негіздері», «Металлургиялық процестердің теориясы».

**Оқыту мақсаты:** Металлургиялық процестерге теміркенді шикізатты дайындау технологияларын, домна пешінде редуциялық металл алуын, болат балқыту агрегаттында өңдеу бойынша өнеркәсіптік процестерін кешенді зерттеу.

**Қысқаша мазмұны:** Шикізаттар әзірлеу процестері: брикеттеу, агломерациялау және домалақтау. Домна процесінде металдарды балқыту және редуциялау, қождың түзілуі және шойынды алу процестері.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент болат және шойын өндірісінің негізгі технологиялық процестерін білуі керек. Болат және шойын өндірісі бойынша курстық жұмыстар және рефераттар құрастыру үшін алған білімдерін қолдануын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар».

### **ОРЕ Эксперименттерді ұйымдастыру және жоспарлау -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Математика», «Физическая химия»

**Оқыту мақсаты:** білім алушыларға металлургиялық эксперименттерді, заманауи ғылыми зерттеулерді сапалы жоспарлау және жүргізу туралы білім беру және дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

**Қысқаша мазмұны:** Пәнді оқытуда келесі бөлімдер қарастырылған: ғылыми таным мен шығармашылықтың әдістемелік негіздері; эксперименттік зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу. Зерттеулердің теориялық және эмпирикалық деңгейлері. Мәліметтерді өңдеу және талдау, оларды есеп түрінде ресімдеу. Әдебиет көздерімен жұмыс істеу. Зертханалық эксперименттердің техникасы. Эксперименттерді жүргізуге арналған процесстер мен жабдықтар. Тәжірибелердің қайталап орындалуын тексеру. Эксперименттің нәтижелерін өңдеу әдістері. Бірінші ретті, толық және бөлшекті факторлы эксперименттерді жоспарлау негіздері мен әдістері. Оптимизациялау. Эксперименттерді жоспарлаудың градиентті әдісі. Симплекс-жоспарлау әдісінің маңызы.

**Күтілетін нәтижелер:** Пәнді оқу нәтижесінде білім алушыларда эксперименттерді ұйымдастыру және жоспарлаудың негізгі принциптері туралы, эксперименттік мәліметтерді математикалық өңдеу әдістері туралы түсінік қалыптасады. Зерттеу әдістерін пайдалану, соның ішінде мақсатты анықтау, проблемаларды қою, проблемаларды шешу тәсілдері туралы гипотезаны құру, қажетті мәліметтерді жинау және өңдеу үдерістерін таңдау, алынған нәтижелерді өңдеу және талдау, мамандықтың бағыты бойынша сапалық және сандық зерттеулерді жүргізу дағдылары қалыптасады.

**Постреквизиттері:** «Металлургиялық процестер теориясы», «Металлургиялық процестерді физика-химиялық зерттеу әдістері», бітіру жұмыстары.

### **НИМ Металлургиядағы ғылыми зерттеулер және инновациялар -3 кредит**

**Пререквизиттері:** «Философия», «Металлургия процестерінің теориясы»

**Оқыту мақсаты:** студенттерге интеллектуальдық қызмет пен инновациялық процестерді активтендіруге бағытталған, ұйымдастыру-экономикалық және басқарушылық жаңа енгізулер саласында білім беру.

**Қысқаша мазмұны:** Ғылыми білім мен ғылыми проблемалар ұғымы. Ғылыми танудың әдістемелік негіздері. Ғылыми зерттеу бағытын таңдау және ғылыми-зерттеу жұмыстарының сатылары. Ғылым күшін теориялық проблемаларды, тәжірибелік маңызды міндеттерді шешуге бағыттау. Инновациялық процестің логикалық нысаны. Инновация сыныптамаcы. Табиғи база және металлургияның негізгі процестері. Металлургияның маңызды мәселелерін шешудің жаңа беталыстары. Металлургиялық технологияны игеру кезеңінен жаңалықты қолдану тәжірибесі. Металлургиялық шикізаттың жаңа түрлері. Тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар. Патент қабілеттілік және патенттік тазалық. Стандарттау, сәйкестендіру және агрегаттау. Металлургиялық кәсіпорынды жобалау және құру. Металлургиядағы технологиялық инновациялық процестер. Металлургия саласындағы инновациялық қызметтің негізгі бағыттары.

**Күтілетін нәтижелер:** қолданыстағы металлургиялық процестерге сүйене отырып, олардың технологиялық және тиімділік тұрғысынан получение студентами умений ориентироваться в существующих металлургических процессах с точки зрения их



технологичности и целесообразности внесения в них изменений согласно требованиям потребителей.

**Постреквизиты дисциплины:** Процессы и технология передельной металлургии, Производство порошковых и композиционных материалов, НИРС, дипломная работа.

#### **MRM Жеңіл металдар металлургиясы -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Металлургиялық процестердің технологиясы», «Металлургиядағы автогенді процестер».

**Оқыту мақсаты:** Жеңіл металдар алудың негізгі технологияларын оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Құрамында жеңіл металдар бар кендерді, шорғырларды, жартылай өнімдерді ашу әдістері қаралады. Пиро- және гидрOMETаллургиялық әдістермен жеңіл металдарды таза қойындыларын ашу үшін, оларды байыту, ректификация, электролиз, термиялық үрдістер арқылы өңдеуі көрсетілген.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент жеңіл металдарды алу технологиясының ерекшеліктері, физика-химиялық қасиеттері, қолдану салалары, шикізат көздері мен оны өңдеудің негізгі процестерін білуі керек. Жеңіл металдарды алу әдістерін талдауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиялық кәсіпорындарды жобалау негіздері», «Техногенді және қайталама шикізатты қайта өңдеу процестері».

#### **MPE Металлургиядағы процестер мен жабдықтар -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика», «Математика», «Физическая химия».

**Оқыту мақсаты:** Металлургиялық өндірістің негізгі процестер мен жабдықтарын оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Металлургиядағы гидромеханикалық, жылу, масса алмасу процестерінің теориялық заңдылықтарын қарастырады; қолданылатын аппараттардың құрылымы, жұмыс принциптерін (қағидаларын) қарастырады; технологиялық процестерді есептей және талдай, аппараттардың құрылымдық есебін шығару; ЭЕМ-нің көмегімен процестер мен жабдықтардың алгоритімдік есебін құрастыру.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент гидромеханикалық, жылу, масса алмасу процестерінің негіздері мен жабдықтарды білуі керек. Технологиялық есептеулерді шығару және металлургиялық негізгі процестерін талдауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Техногенді және қайталама шикізатты қайта өңдеу процестері», «Металлургиялық кәсіпорындарды жобалау негіздері», «Металлургияның қазіргі уықыттағы жай-күйі және даму алғышарттары».

#### **РСМІ Металлургиялық процестерді физика-химиялық зерттеу -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика», «Химия», «Физикалық және коллоидты химия», «Металлургиялық процестер теориясы».

**Оқыту мақсаты:** білім алушыларға металлургиялық өнімдерді талдау облысынан білім беру және металлургиялық процестерді физика-химиялық талдау әдістерін меңгерту.

**Қысқаша мазмұны:** Курста металлургиялық өнімдерді физика-химиялық зерттеудің негізгі әдістері, жоғары температураны, балқымалардың тұтқырлығын, тығыздығын, беттік керілісін өлшеу тәсілдері оқытылады. Металдар мен олардың қосылыстарының электрлік өткізгіштігін, бу қысымдарын өлшеу әдістері; металлургиялық жүйелердегі химиялық реакциялардың тепе-теңдіктерін зерттеу әдістері қарастырылады. Талдау әдістерінің теориялық негіздерімен қатар зертханаларда және өндірістік жағдайларда зерттеуде қолданылатын қондырғылар мен аспаптардың қысқаша сипаттамалары берілген. Сондай-ақ фазаның құрамы мен күйімен өзара байланыста болатын сұйық металдар мен шлактардың физикалық сипаттамалары ерекше қызығушылық туғызады.

**Күтілетін нәтижелер:** дағдылар: металлургиялық зауыттар мен комбинаттардың практика жағдайларының арнайы жағдайларына металлургиялық процестерді талдау әдістерін қолдану; балқымалардың температурасын, тұтқырлығын, тығыздығын, электрлік өткізгіштігін және беттік керілісін; металдар мен олардың қосылыстарының бу қысымдарын; металлургиялық фазалардағы газдардың үлесін, металл емес қоспаларды өлшеу.

**Постреквизиттері:** «Металдарды бөлу және тазарту теориясы мен практикасы», «Металлургиялық өндірістің арнайы бөлімдері».

#### **CDM Коррозия және металдарды қорғау -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика», «Химия», «Физикалық және коллоидты химия», «Металлургиялық процестер теориясы».

**Оқыту мақсаты:** білім алушыларға металдардың қоршаған ортамен әрекеттесуі, осы әрекеттесулердің механизмі туралы білім беру; металдардың коррозиялық тұрақтылығын болжауға арналған физика-химиялық заңдылықтарды, тиісті қорғау әдістерін қолдануды үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Коррозиялық процестердің сыныптамасы. Металдардың химиялық коррозиясы теориясының негіздері. Металдардағы қабықшалар. Металдарда кеуекті (қорғаушы емес) қабықшалардың өсу заңы. Металдарда тұтас (қорғаушы) қабықшалардың өсуі. Қорғаушы қабықшалардағы диффузия механизмі. Металдардың электрохимиялық коррозиясы. Металдардың электродты потенциалдары. Металдардың электрохимиялық коррозиясының термодинамикасы. Поляризация. Металдардың электрохимиялық коррозиясының екіншілік процестері мен өнімдері. Оттегілі және сутегілі деполяриланумен жүретін коррозиялық процестер. Электрохимиялық коррозия процесінің есептеулері. Металдардың пассивтілігі. Атмосфералық коррозия. Қорғау әдістерінің сыныптамасы. Химиялық коррозиядан қорғау әдістері. Электрохимиялық коррозиядан қорғау әдістері.

**Күтілетін нәтижелер:** металлургиялық материалдардың коррозияға тұрақтылығын көрсеткіштермен және балдармен бағалау мүмкіндігі; газ, сұйық технологиялық ортада конструкциялық материалдардың коррозиялану мүмкіндігін, жылдамдығын анықтау және есептеу, оған ішкі және сыртқы факторлардың әсер етуін анықтау; жобалау сатысында коррозиядан қорғау тәсілдерін негізді түрде таңдау және инженерлік есептеу.

**Постреквизиттері:** «Металлургиялық өндірістің арнайы бөлімдері», «Металлургиялық өндірістерді жобалау негіздері».

#### **NFMP Ауыр түсті металдар металлургиясы -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Металдар және олардың қосылыстары», «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар».

**Оқыту мақсаты:** Ауыр түсті металдар алудың негізгі тәсілдерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Пәнде мыс, никель, қорғасын және мырыш өндірістеріндегі металлургиялық процестердің теориялық және технологиялық негіздері оқытылады. Осы металдар мен олардың қосылыстарының қасиеттері, шикізаттарын металлургиялық өңдеуге дайындау қарастырылады. Күйдіру, балқыту конвертирлеу, оттық тазалау, сілтілеу, ерітінділерді тазалау, электролиз сияқты пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық өңдеу әдістері мен олардың аппараттық безендірілуі жазылған. Ауыр түсті металдар металлургиясындағы өндірістік қалдықтарды өңдеу әдістері және шикізатты кешенді пайдалануды арттыратын жаңа технологиялар берілген.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент ауыр түсті металдарды алу технологиясының ерекшеліктері, физика-химиялық қасиеттері, қолдану салалары, шикізат көздері мен оны өңдеудің негізгі процестерін білуі керек. Әдебиетпен жұмыс істеу және ауыр түсті металдарды алу процестерін талдауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиялық кәсіпорындарды жобалау негіздері», «Металлургияның қазіргі уықыттағы жай-күйі және даму алғышарттары».

#### **NFME Түсті металдар электрометаллургиясы -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Физикалық химия», «Металлургиялық процестердің технологиясы», «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар».

**Оқыту мақсаты:** Таза металдар мен қорытпаларды алудың негізгі процестерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Пәнді оқытудың курсына сулы және балқытылған ортадағы электрохимияның теориялық және түсті металдар электрометаллургиясының технологиялық негіздері қарастырылады. Сонымен қатар, тепе-теңдік және тепе-теңдік емес күйдегі электрохимиялық жүйелерде жүретін процестердің физика-химиялық заңдылықтарын, электротазалау, электротұндыру мысалдары арқылы тұрақты электр тогын қолдана отырып, таза металдар мен қорытпаларды тазалау және алудың тәжірибесі оқытылады.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент электролиз әдісімен таза металдарды алу процестерінің теориялық негіздерін білуі керек. Электротазалау және электротұндыру тәсілдерімен металдарды алу технологияларын талдауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Техногенді және қайталама шикізатты қайта өңдеу процестері», «Металлургиялық кәсіпорындарды жобалау негіздері».

#### **TMP Металлургиялық пештердің теориясы -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Физика», «Мамандыққа кіріспе», «Металлургиялық процестердің жылуэнергетикасы»,

**Оқыту мақсаты:** білім алушыларды металлургиялық пештер конструкцияларымен, олардың заманауи техникалық шешімдерімен, жаңа конструкциялық материалдармен, инженерлік есептеулермен және сызбалармен таныстыру. Металлургиялық пештердің жалпы теориясы, пеш жұмысының негізгі көрсеткіштері туралы білім беру.

**Қысқаша мазмұны:** Пеш туралы ғылымның дамуы, В.Е. Грум-Гржимайлоның гидравликалық теориясы, Н.Н. Доброхотов-И.Д. Семикиннің энергетикалық теориясы. «Өнеркәсіптік пеш» ұғымының жылутехникалық мәні, пеште өтетін процестер. Пештер сыныптамысы. Пештің жылулық қуаты, қуаттар түрі. Жылулық баланс. Пештегі жылу жоғалымының түрлері. Пеш жұмысының негізгі көрсеткіштері: пеш өнімділігі, жылу шығыны, пештің ПӘК, пештің жылулық балансы, пеште бір отынды екіншісімен алмастыру. Металлургиялық пештердің конструкциялары мен жылулық режимдері. Пештердің отқа төзімді және жылуоқшаулаушы материалдары. Металлургиялық пештерде қолданулатын жаңа материалдар. Пеш қалауы, күмбезі, қосалқы торабтары, олардың атқаратын қызметтері. Түтінді газдар жылуын кәдеге асыру. Қайтарма материалдар мен энергетикалық ресурстар.

**Күтілетін нәтижелер:** студенттер металлургиялық пештердің жылулық және конструктивтік есептеулерін өз бетінше жүргізуді игереді. Технологияға қажетті пешті таңдауда ғылым мен техниканың қазіргі жетістіктеріне негізделген әртүрлі типті пештерді есептеудің кешенді әдістерін орындай алады.

**Постреквизиттері:** «Металдық өнімдерді дайындау процестері мен технологиялары», «Ұнтақты металлургияның процестері мен аппараттары», дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау.

#### **TKM Композициялық материалдардың технологиясы -4 кредит**

**Пререквизиттері:** Математика, Физика, Химия, Физикалық химия, Металлургиялық процестер теориясы.

**Оқыту мақсаты:** студенттерге композициялық материалдарды алу саласында білім беру, композициялық материалдар сыныптамасымен, қасиеттерімен және анықтау әдістерімен танысу.

**Қысқаша мазмұны:** Композициялық материалдар анықтамасы және сыныптамасы. Композициялық материалдар механикасының негізгі ұғымдары: серпімділік модуль, беріктік, бұзылуы, химиялық, жылулық және механикалық тұрақтылығы. Композициялық материалдар өндірісінде қолданылатын компоненттер: матрицалық және армирлеуші материалдар мен оларды алу. Металдық композициялық материалдарды алу: әдістері мен алу механизмі, функционалдық тағайындалуына байланысты әдісті таңдау. Полимерлік композициялық материалдар өндірісі. Көміртегі-көміртекті және керамикалық композициялық материалдар. Композициялық материалдар қасиеттерін анықтау әдістері. Композициялық материалдардың қолданылуы.

**Күтілетін нәтижелер:** студенттер композициялық материалдардың түрлері, оларды алу әдістерін таңдау және сапасын бақылау, композициялық материалдар қасиеттері туралы білімді игереді.

**Постреквизиттері:** Ұнтақ металлургияның процестері мен аппараттары, Ұнтақты және композициялық материалдар өндірісі.

#### **MLM Сирек металдар металлургиясы -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Физикалық химия», «Металлургиялық процестердің технологиясы».

**Оқыту мақсаты:** Сирек металдар алудың негізгі әдістерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Пәннің курсына «сирек металдар» ұғымына түсініктеме беріледі, осы металдардың техникалық жіктелуі келтіріледі және қазіргі уақытында техникадағы олардың орны бағаланады. Д.И. Менделеевтің элементтердің периодтық жүйесіндегі сирек металдардың орналасуы және сирек металдарды алу технологиясының ерекшеліктері қарастырылады. Сирек металдардың физика-химиялық қасиеттері, қолдану салалары, шикізат көздері келтіріледі. Құрамында сирек металдары бар шикізатты өңдеп, химиялық қосылыстар немесе таза металдар түрінде дайын өнімді алудың негізгі үрдістері жарықтандырылады.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент сирек металдарды алу технологиясының ерекшеліктері, физика-химиялық қасиеттері, қолдану салалары, шикізат көздері мен оны өндеудің негізгі процестерін білуі керек. Әдебиетпен жұмыс істеу және сирек металдарды алу тәсілдерін талдауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Техногенді және қайталама шикізатты қайта өңдеу процестері», «Металлургияның қазіргі уақыттағы жай-күйі және даму алғышарттары».

#### **NFMP Радиоактивті және ілеспелі металдар металлургиясы -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар».

**Оқыту мақсаты:** Радиоактивті және ілеспелі металдар алудың негізгі технологияларын оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Радиоактивті элементтер кездесетін шикізатты өңдеу мәселелеріне қатысты теориялық сондай-ақ, таза радиоактивті және ілеспелі металдар, оның ішінде уран, торий және сирек жер металдарын (СЖМ) өндірудің технологиялары қарастырылған.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент радиоактивті және ілеспелі металдарды алу технологиясының ерекшеліктері, физика-химиялық қасиеттері, қолдану салалары, шикізат көздері мен оны өндеудің негізгі процестерін білуі керек. Радиоактивті және ілеспелі металдарды алу әдістерін талдауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Техногенді және қайталама шикізатты қайта өңдеу процестері», «Металлургиялық кәсіпорындарды жобалау негіздері», «Металлургияның қазіргі уақыттағы жай-күйі және даму алғышарттары».

#### **РyгМ Пирометаллургия -4 кредит**

**Пререквезиттері:** «Металлургия жылутехникасы», «Физикалық химия», «Металлургиялық процестер теориясы».

**Пәнді оқытудың мақсаты** білім алушыларда пирометаллургиялық процестер бағытында білім беру, қазіргі кездегі пирометаллургиялық процестер, оларды жүзеге асыратын жабдықтардың күйі мен дамуымен білім алушыларды таныстыру

**Қысқаша мазмұны:** Металдардың қасиеттері мен құрылысы. Кендік және екіншілік шикізаттарды күйдіру, балқыту және металдарды тазарту процестері, олардың түрлері. Пирометаллургиялық процестердің негізі аппаратуралық жабдықтары мен және технологиялық ерекшеліктері. Пирометаллургиялық процестерде қолданылатын технологиялық есептеулер. Металл, оксидті және сульфидті жүйелердің қасиеттері мен құрылыстары, тотықты және сульфидті минералды шикізаттарды, тұз ерітінділерін өңдеу процестері туралы тереңдетілген білім беру және пирометаллургиялық процестердің әдістерін қолдануға үйрету.

**Күтілетін нәтижелер:** негізгі пирометаллургиялық процестерді, олардың ерекшеліктерін талдауды игеру, тиісті процестің таңдалуын негіздеу, жұмыс істеп жатқан және жобаланатын процестерге талдау жүргізу, металлургиялық процестердің жеке бір сатыларының жылдмадығын, жай және күрделі процестердегі шектеуші сатылардың жылдамдығын бағалау, кендік және техногенді шикізатты өңдеу технологиясының нақты көрсеткіштерін немесе процестері мен бағыттарын болжау.

**Постреквезиттері:** «Қара және түсті металдар өндірісінің технологиясы», «Металлургия объектілерін жоспарлау».

#### **РМ Ұнтақты металлургия -4 кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Физика», «Физикалық химия», «Металлургия процестерінің теориясы».

**Оқыту мақсаты:** білім алушыларға металл ұнтақтарын алу, олардың негізгі физика-химиялық және технологиялық қасиеттерін анықтау әдістері, металл ұнтақтары негізінде жаңа материалдарды алу туралы білім беру болып табылады.

**Қысқаша мазмұны:** металл ұнтақтары; металл ұнтақтарын алудың физика-химиялық әдістері, қолданылатын жабдықтар мен аппаратуралары; металл ұнтақтарының физика-химиялық және технологиялық қасиеттерін анықтау әдістері, металл ұнтақтарын жентектеу сатысы, қолданылатын пештер, металл ұнтақтары негізінде жаңа материалдарды алу, олардың қасиеттерін анықтайтын өңдеу процестері туралы және ұнтақты металлургиядағы жаңа бағыттар – наноұнтақтар туралы бөлімдер қарастырылған.

**Күтілетін нәтижелер:** білім алушылар осы курсты оқыған соң ұнтақты металдар, оларды алудың технологиялық режимдеріне; ұнтақтарға алуға қойылған мақсат пен тағайындалуына қарай оларды алудың әдістеріне салыстырмалы талдау жүргізе алады, сонымен қатар әр түрлі ұнтақты материалдарды жентектеу, ұнтақты металл негізіндегі заттарға өңдеу процестерін негізді түрде таңдай алады, олардың қасиеттерін салыстыру мүмкіндігіне ие болады; қажетті технологиялық есептеулерді жүргізуге дағдыланады.

**Постреквизиттері:** «Коррозиядан қорғау әдістері», «Арнайы материалдарды алу негіздері».

#### **Академиялық дәреже (бакалаврлар):**

#### **4 курс**

№	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	ППЖ	KNIR	Жеңіл ж/е сирек	4	7

	4.3.10	LRM4310	металд.бой.ғыл. зертт.курст. жұм		
2	ППЖ 4.3.10.1	KNIR TCM4310.1	Ауыр ж/е түсті металд.бой.ғыл. зертт.курст. жұм	4	7
3	ППЖ 4.3.10.2	RTPM4310.3	Металдық өнімд.дай.проц.мен технол	4	7
4	ППЖ 4.3.10.3	PSSN4310.3	Арнайы тағайынд.қорытпаларды алу	4	7
5	ППЖ 4.3.7	PKM4307	Металлургиядағы конденсация және шаңұстау	3	7
6	ППЖ 4.3.7.1	PT437.1	Тиотұздар металлургиясы	3	7
7	ППЖ 4.3.7.2	PUMS437.2	Күрделі металлургия шикізаттарды өңдеу	3	7
8	ППЖ 4.3.7.3	PPKM437.3	Ұнтақ және композ. матер-р өндірісі	3	7
9	ППЖ 4.3.8	OPMP438	Металлургиялық кәсіпорындар жобалау негіздері	4	7
10	ППЖ 4.3.8.1	MMP438.1	Металлургиялық процетерді модельдеу	4	7
11	ППЖ 4.3.8.2	TPRRM438.2	Металлдарды тазалау және бөлудің теор.мен прак.	4	7
12	ППЖ 4.3.8.3	SGMP438.3	Металлургия өндірісінің арнайы тараулар	4	7
13	ППЖ 4.3.9	CCPRM4309	Металлургияның қаз.кез.күйі және даму болашағы	4	7
14	ППЖ 4.3.9.1	RPTVS439.1	Техногенді және екінші қайтара шикізат өңдеу проц.	4	7
15	ППЖ 4.3.9.2	AOGMP439.2	Гидро металлургиялық проц. аппарат.жабд.	4	7
16	ППЖ 4.3.9.3	PAPM439.3	Ұнтақты металлургияның проц. мен аппараттары	4	7

**KNIR LRM4310 Жеңіл ж/е сирек металд.бой.ғыл. зертт.курст. жұм-4кредит**

**Пререквизиттері:** Физикалық химия, Математика, Физика, Информатика, Инженерлік графика, Мамандық негіздері, Металлургиялық процестердің теориясы, Металлургиядағы процестер мен аппараттар, Жеңіл металдар металлургиясы.

**Оқытудың мақсаты:** құрамында жеңіл және сирек металдар кездесетін кендер мен концентраттарды, қалдық өнімдерді заманауи тәсілдермен өңдеудің теориясы мен тәжірибесі бойынша білім беру, технологиялық операциялардың параметрлерін, аппаратурасын таңдау арқылы аппараттық-технологиялық схеманы құрастыру, таңдау және негіздеу әдістерін, процеске әсер ететін факторларды зерттеу әдістерін, металлургиялық есептерді шығару әдістерін, эксперименталдық зерттеуді жүзеге асыру әдістерін үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** жеңіл және сирек металдар мен олардың қоспаларының физика-химиялық қасиеттері; шикізат көздері, қолдану саласы; газ бен сұйық заттарды тасымалдау заңдылықтары, біртекті емес жүйені сүзу, тұндыру және т.б. арқылы бөлу әдістері; масса- және ионалмасу, экстракция, дистилляция, ректификация, балқыту, кристалдау және т.б. процестерді жеңіл және сирек металдарды алуға қолданудың теориялық және тәжірибелік негіздері.

**Күтілетін нәтижелер:** жеңіл және сирек металдардың негізгі шикізат көздері, өнеркәсіптік масштабта жеңіл және сирек металдарды алуға және тазалауға қолданылатын тәсілдері бойынша білімді меңгеру және процестер мен аппараттардың есептерін құрастыру, жеңіл және сирек металдар металлургиясындағы заманауи ғылыми-техникалық жетістіктерді талдау, арнайы және анықтамалық әдебиет көздерін пайдалану бойынша біліктілікке үйрену.

**Постреквизиттері:** курстық және дипломдық жобалау, мамандық бойынша магистратурада білім алу, ғылыми- зерттеу жұмыстарын жүргізу.

### **KNIR TCM4310.1 Ауыр ж/е түсті металд.бой.ғыл. зертт.курст. жұм-4кредит**

**Пререквизиттері:** Физикалық химия, Математика, Физика, Информатика, Инженерлік графика, Мамандық негіздері, Металлургиялық процестердің теориясы, Металлургиядағы процестер мен аппараттар, Металлургиядағы автогенді процестер, Ауыр түсті металдар өндірісі.

**Оқытудың мақсаты:** Ауыр түсті металдардың шикізат ресурстарын өңдеуге қолданылатын химиялық және физикалық процестердің теориясы мен тәжірибесін, агрегаттардың конструкцияларын, режимдік параметрлері мен көрсеткіштерін, технологияларды ары қарай жетілдіру жолдарын, металлургиялық есептерді құрастыру әдістерін, эксперименттік жұмыстарды жүргізу әдістемелерін оқыту.

**Қысқаша мазмұны:** Ауыр түсті металдардың қасиеттері мен қолданылуы; шикізат көздері; ауыр түсті металдарды алудың дәстүрлі және жаңа әдістері; сульфидті материалдарды күйдіру және балқытудың автогенді процестері; технологиялық схемалары және негізгі операциялардың теориялық негіздері; негізгі және қосымша агрегаттардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері; технологиялық процестердің режимдік параметрлері мен көрсеткіштері.

**Күтілетін нәтижелер:** Ауыр түсті металдарды өндіруге қолданылатын дәстүрлі және жаңа технологиялар бойынша заманауи ғылыми жетістіктерді талдау; технологиялық схемалар, металлургиялық агрегаттардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптері бойынша білім алу; металлургиялық есептерді құрастыру; арнайы және анықтамалық әдебиеттер көздерін қолдану бойынша біліктілікті меңгеру.

**Постреквизиттері:** курстық және дипломдық жобалау, мамандық бойынша магистратурада білім алу, ғылыми- зерттеу жұмыстарын жүргізу.

### **РТМ4310.3 Металдық өнімд.дай.проц.мен технол-4кредит**

**Пререквизиттер:** «Металлургиялық процестердің теориясы», «Металлургиялық процестердің технологиясы»

**Оқыту мақсаты:** студенттерге металл мен прокаттан дайын өнім алумен жүретін қаралаш металдар мен шойынды өңдеудің әдістері мен технологиялары бойынша білім беру.

**Қысқаша мазмұны:** «Қайта өңдеу» және «металдық өнімдерді дайындау металлургиясы» ұғымдары. Қайта өңдеу түрлері және процестері мен технологиялары. Металдық өнімдерді дайындаушы металлургиялық кәсіпорындар және олардың ТМД мен ҚР орналасуы. Екінші өңдеудің процестері мен технологиялары – шойынды болатқа өңдеу, қаралаш металдарды тазарту, қорытпалар өндірісі, қара металдар мен металл сынықтарын өңдеу әдістері. Үшінші өңдеудің процестері мен технологиялары – берілген нысандар мен мөлшердегі металдық бұйымдарды алу мақсатында металдарды қысыммен

өңдеу; қысыммен өңдеудің негізгі түрлері — илектеу, пресстеу, соғу және қалыптау. Төртінші өңдеудің процестері мен технологиялары – илекті қосымша өңдеу — суық прокаттау, профильді жолақтар (иілген профильдер өндірісі), калибровка, тарту, қорғаушы қаптамаларды жалату. Қожды қайта өңдеу.

**Күтілетін нәтижелер:** пәнді оқу нәтижесінде студенттер металлургиялық қайта өңдеу түрлерімен және технологияларымен танысады, металдардан прокаттар мен дайын бұйымдарды алумен жүретін қара металдарды өңдеу әдістерін болжай біледі.

**Постреквизиттері:** дипломдық жұмыс және жобалау.

### **PSSN4310.3 Арнайы тағайынд.қорытпаларды алу-4кредит**

**Пререквизиттер:** Физика, Химия, Металлургиялық процестердің теориясы

**Оқыту мақсаты:** студенттерді таза қиын балқитын металдарды алу технологиясымен, легирлеу процестерінің теориялық негіздерімен, тікелей синтездеу және тотықсыздандыру әдістерімен таныстыру.

**Қысқаша мазмұны:** Таза қиын балқитын металдарды алу технологиясының ерекшеліктері. ХХІ ғасырда қиын балқитын металдар металлургиясының даму беталыстары. Қиын балқитын металдарды қолдану келешегі. Тікелей синтездеу және тотықсыздандыру әдістерімен, қиын балқитын металдар негізінде, қорытпалар алу. Қиын балқитын металдар негізінде газдық фазадан шөктіру, электролиз әдістерімен плазма көмегімен қорытпалар алу. Механикалық легирлеу процестерінің теориялық негіздері. Механикалық легирлеу процесін ұйымдастырып жүргізу. Процесті бақылаушы реагенттердің әсері.

**Күтілетін нәтижелер:** Қиын балқитын металдар металлургиясының даму беталыстарын, қиын балқитын металдарды қолдану келешегін, тікелей синтездеу және тотықсыздандыру әдістерімен, қиын балқитын металдар негізінде, қорытпалар алу ды қарастыру.

**Постреквизиттері:** дипломдық жұмыс және жобалау

### **PKM4307 Металлургиядағы конденсация және шаңұстау-3кредит**

**Пререквизиттері:** «Металлургия процестерінің теориясы», «Металлургия процестерінің технологиялары».

**Оқу мақсаты:** Пәнінің оқыту мақсаты металлургиялық өндірістегі шаң ұстау және конденсацияға арналған жабдықтар мен технологияны зерттеу.

**Қысқаша мазмұны:** Металлургиядағы «Шаң ұстау және конденсация» курсының мақсаты металлургиядағы шаң ұстау және конденсация оқушылардың білімі мен жабдықтармен жұмыс істеу дағдысын арттыру.

Ылғалдықтан, температурадан, газ ағынынан, ірілігінен, сонымен қатар металдар қосылыстарының бу конденсация кезіндегі технологиялық параметрлерінің тәуелділігіне байланысты материалдардың пирометаллургиялық процесстер кезінде өңделген бөлшектердің шаң шығаруының технологиялық және теориялық заңнамаларын оқушылар білуге тиісті.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді оқу барысында оқушылар металл қосылыстарының бу конденсация және шаң ұстау бойынша қазіргі таңдағы техникалық шешімдерді қорытындылау және техникалық әдебиеттерді жинақтау жұмысының дағдысын игеру. Жаңа технологияларды өндіріске енгізу кезінде оқушылар осы білімдерін ары қарай арттыруы қажет.

**Постреквизиттері:** дипломдық жұмыс және жобалау

### **PT437.1 Тиотүздар металлургиясы-3кредит**

**Пререквизиттері:** «Металлургия процестерінің теориясы», «Металлургия процестерінің технологиялары».



**Оқыту мақсаты:** Түсті металдар тиотұздарының металлургиясы түсті металдар тиотұздарының құрылуының теориялық заңдылықтарын және тиотұздардың физика-химиялық қасиеттеріне негізделген технологияларды оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Тиотұздар металлургиясы күрделі полиметалдық шикізатты өңдеу технологияларына ие, күрделі өңделетін шикізат пен техногенді материалдарды іріктеп өңдеуге, әр металды жеке тауарлық өнімге бөліп алуға мүмкіндік береді. Пиро- және гидрометаллургиялық қайта өңдеу сатыларында ауыр, аз, асыл және сирек металдардың бөлінуі жүреді.

**Күтілетін нәтижелер:** «Түсті металдар тиотұздарының металлургия» пәні түсті металдарды кешенді бөліп алу мәселесін шешуге бағытталған күрделі шикізатты өңдеу технологияларын және түсті металдар тиотұздарының құрылуының теориялық заңдылықтарын оқып үйренуге мүмкіндік береді.

**Постреквизиттері:** дипломдық жұмыс және жобалау

### **РТ437.1 Производство тиосолей -3 кредита**

**Пререквизиты:** Теория металлургических процессов, Технология металлургических процессов

**Цель изучения:** Металлургия тиосолей цветных металлов предполагает изучение теоретических закономерностей образования тиосолей цветных металлов и технологии, основанных на физико-химических свойствах тиосолей.

**Краткое содержание:** Металлургия тиосолей обладает технологиями переработки сложного полиметаллического сырья, позволяет селективно переработать трудно вскрываемое сырье и техногенные материалы, выделить каждый металл в товарный продукт. На стадиях пиро- и гидрометаллургической переработки происходит выделение тяжелых, малых, благородных и редких металлов.

**Ожидаемые результаты:** Дисциплина «Металлургия тиосолей цветных металлов» позволяет изучить теоретические закономерности образования тиосолей цветных металлов и технологии переработки сложного сырья, направленные на решение проблемы комплексного извлечения цветных металлов.

**Постреквизиты:** написание и защита дипломной работы (проекта).

### **PUMS437.2 Күрделі металлургия шикізаттарды өңдеу-3кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Физхимия», «Физика», «Минералогия», «Металлургиялық процестердің теориясы», «Гидрометаллургия», «Пирометаллургия»

**Оқыту мақсаты:** студенттерге металлургия және қазбаларды байыту өндірісінде қолданылатын процестер мен аппараттар туралы білім беру. Қолданылатын процестердің мәні және жабдықтар түрлерімен таныстыру.

**Қысқаша мазмұны:** Түсті металлургияның минералды шикізаттық базасы. Шлактардың рөлі. Балқытылған шлактардың құрылысы. Металлургиялық шлактарды өңдеу. Тозандату күйінде балқыту. Қорытпаларды балқыту. Құрама автогенді процестері. Автоклавтағы процестердің термодинамикасы. «Потенциал-рН» диаграммасын құру және талдау. Күрделі полиметалдық шикізаттарды өңдеу. Сорбцияны-экстракциялық процестер. Мыс-мырыш рудаларын өңдеу технологиясы. Пиритті концентраттарды өңдеудің технологиясы. Құрамында мышьягі бар шикізаттарды өңдеу. Аралас және құрамында қорғасыны бар рудаларын өңдеу технологиясы.

**Күтілетін нәтижелер:** шикізаттарды өңдеудің қазіргі әдістерін талдап білу, металлургиялық өндірістің техногенді қалдықтарының экологиялық әсерін бағалау, рудалардан металдарды толық бөліп алмаумен байланысты, негативті құбылыстардың жолдарын түзеуін анықтау.

**Постреквизиттері:** дипломдық жұмыс және жобалау

### **РРКМ437.3 Ұнтақ және композ. матер-р өндірісі-3кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Физика», «Математика», «Мамандық негіздері», «Металлургия процестерінің теориясы».

**Оқыту мақсаты:** студенттерге ұнтақты конструкциялық металдарды жасаудың технологиялық процестерін, яғни тығыздығы жоғары бұйымдарды алу, оларды гидромеханикалық престеу, штамптау, изостатикалық престеу, экструзиялау, кеуекті престелген материалдарды сұйық металдармен сіңіру және әрі қарай жентектеу процесі туралы білім беру.

**Қысқаша мазмұны:** кіріспе. арнайы мақсатпен тағайындалатын ұнтақты материалдары, темірге негізделген ұнтақты конструкциялық материалдарды жасау технологиясы. темірге негізделген ұнтақты конструкциялық материалдарды жасау технологиясы. темірге негізделген ауыр жүктелген ұнтақты конструкциялық материалдарды алудың. темірге негізделген ауыр жүктелген ұнтақты конструкциялық материалды алудың технологиялық сұлбасы. сіңіру процестері.технологиясы. арнайы мақсатпен тағайындалатын ұнтақ және конструкциялық материалдарды алудың технологиясы. қиын балқитын металдар негізіндегі конструкциялық арнайы мақсатпен тағайындалатын ұнтақ материалдарын жасау технологиясы. қиын балқитын металдар (m<sub>0</sub>, w, t<sub>a</sub>, n<sub>b</sub>) негізіндегі конструкциялық арнайы тағайындалатын ұнтақ материалдарын жентектеу және престеу. ұнтақты антифрикционды материалдарды жасау технологиясы. ұнтақты антифрикционды материалдарды қосымша өңдеу. төс етегінде антифрикционды материалдарды жасау технологиясы. әртүрлі мақсатпен тағайындалған композициялық материалдардың жіктелуі, қасиеттері және қолдануы. композиттердің аэрокосмос саласында қолданылуы.

**Күтілетін нәтижелер:** Ұнтақ металлургия өндірісінің техника – экономикалық тиімділігін арттыру үшін негізгі дәстүрлі әдістерінің технологиялық процестерін жоғары сатыға жетілдіру. Бұл процестер: тотықсыздандыру, тозаңдату, электролиз.

Арнайы мақсатпен тағайындалған ұнтақты материалдардың жіктелуін меңгеру.

**Постреквизиттері:** дипломды жобалау.

### **ОРМР438 Металлургиялық кәсіпорындар жобалау негіздері-4кредит**

**Пререквизиттері:** «Сызба геометриясы и компьютерлі графика», «Металлургиядағы процестер мен жабдықтар», «Металлургиялық процестердің технологиясы».

**Оқыту мақсаты:** Металлургиялық кәсіпорындарды жобалау негіздерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Жобалау шешімдерін стандарттау, унификациялау және нормативті құжаттарына сәйкестеу арқылы негізгі металлургиялық объектілер қаралады: негізгі технологиялық жобалау, ол жабдықтардың және технологиялық үрдістердің есебі, жабдық тарды таңдау және орналастыру; өндірістік ғимаратты, металлургиялық объектілердің ауданын таңдау және құрылыс жүргізу сәулет-құрылыс, ұйымының шешіміне негізделген.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент металлургиялық объектілерді жобалау негізгі білуі керек. Жобалауға алынған кәсіпорынды талдауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** дипломдық жобалау.

### **ММР438.1 Металлургиялық процестерді модельдеу-4кредит**

**Пререквизиттері:** Математика, Физика, Химия, Информатика, Мамандық негіздері, Физикалық химия, Металлургиялық процестердің теориясы, Металлургиядағы процестер мен аппараттар, Металлургиялық жылу техникасы.

**Оқытудың мақсаты:** Процестерді модельдеудің әдістемесін оқыту, химиялық және физикалық процестерді, сұйықтар мен газдардың динамикасын, жылу беруді

математикалық формуламен жазу әдістерін, технологияларды зерттеу және жетілдіру үшін процестердің алгоритмдерін құрастыру әдістерін үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** Модель және модельдеу ұғымдары; жүйе және оның сипаттамалары; процестерді модельдеуге арналған ұқсастық теориялары мен критерийлері; сәйкестендіру әдістері; бастапқы мәліметтерден құрастырылған ақпараттық базаны жасақтау және модельдерді визуалдау әдістері.

**Күтілетін нәтижелер:** Процестердің математикалық модельдерін жасақтау бойынша, металлургиялық өндірістің технологиясын талдау бойынша және берілген мәліметтерді өңдеу әдістері бойынша білімді меңгеру және біліктілікке үйрену.

**Постреквизиттері:** металлургиядағы ақпараттық жүйелер, жобаларды имитациялық модельдеу, дипломдық жобалау.

### **TPRRM438.2 Металлдарды тазалау және бөлудің теор.мен прак. -4кредит**

**Пререквизиттері:** «Химия», «Металлургия процестерінің теориясы», «Металлургия процестерінің технологиялары».

**Оқыту мақсаты:** студенттердің физика-химиялық негіздер аймағындағы металлдарды бөліп алу мен тазарту тәсілдерінің ең маңыздысын және олардың тәжірибие жүзінде қолданылуын білуі.

**Қысқаша мазмұны:** Металдарды ажырату, шоғырландыру және тазарту әдістері (экстракция, ион алмасу, электролиз және электродиализ, ерітінділерден және балқымалардан кристалдану, вакуумдық және газфазалық металлургия және т.б. әдістерді қолданумен металлдарды тазарту және бөлу), процестерді аппаратуралық рәсімдеу, жобалау сатысында оларды тазарту әдістерін инженерлік есептеу. Металлургия өндірісі тәжірибесінде металлдарды бөлу және тазарту әдістерін қолдану мысалдары (ерекше таза металл мен қосылыстар өндірісі, қиын балқытын, сирек және радиоактивті металлдар және т.б. алу). Металдарды бөлу және тазартудағы технологиялық процестердің заңдылықтарына ерекше көңіл бөлінген.

**Күтілетін нәтижелер:** студенттердің металлдарды шоғырландыру және тазарту әдістерін үйренуі, гетерогенді жүйедегі компоненттердің таралуын олардың қасиеттеріне байланысты болжауы, жобалау сатысындағы металлдарды тазарту тәсілдеріне инженерлік есептеулерді және дәлелді таңдау жасауды білуі.

**Постреквизиттер:** дипломдық жұмыс

### **SGMP438.3 Металлургия өндірісінің арнайы тараулар-4кредит**

**Пререквизиттері:** Металлургия процестерінің теориясы, Металлургия процестерінің технологиясы, Металлургия процестерінің жылуэнергетикасы.

**Оқыту мақсаты:** студенттердің жеке түсті, сирек және бағалы металлдар және солардың негізіндегі қорытпаларды өндіру кезіндегі процестер мен технологиялар туралы білім алуы.

**Қысқаша мазмұны:** Алюминий өндірісінің арнайы тараулары: алюминийқұрамды шикізаттар және олардың ыдырау әдістері, алюминаттық ерітінділердің декомпозициясы, алюминий гидроксидін алу, алюминий гидроксидін кальцинирлеу және глиноземнің алынуы, алюминийді электролиттік алу және рафинирлеу, алюминийқұрамды қорытпаларды алу. Бериллий өндірісінің арнайы тараулары: металдық бериллиді алу әдістері, бериллийді электролиз әдісімен алу, фторбериллатты электролиттердің сипаттамасы мен қасиеттері, электрохимиялық процестер және оларды инициирлеу мен ингибирлеу әдістері. Түсті металлдардың құрамдастырылған әдістері. Экстракциялық-электролизді әдістерді қолданумен түсті және сирек металлдарды өңдеу. Бағалы металлдар өндірісінің арнайы тараулары: кенді және техногенді шикізаттан бағалы металлдарды бөліп алудың гидрометаллургиялық сұлбалары, бағалы металлдардың аффинажы.

**Күтілетін нәтижелер:** студенттердің алюминий және бериллий металлургиясы саласында білім алуы, металлургиялық өндірістің келешекті технологияларымен танысуы және т.б.

**Постреквизиттері:** дипломдық жұмыс және жобалау.

#### **ССPRM4309 Металлургияның қаз.кез.күйі және даму болашағы-4кредит**

**Пререквизиттері:** «Сирек металдар металлургиясы», «Жеңіл металдар металлургиясы», «Металлургиядағы автогенді процестер», «Түсті металдар электрометаллургиясы», «Ауыр түсті металдар металлургиясы».

**Оқыту мақсаты:** Металлургияның қазіргі уықыттағы жай-күйі және даму алғышарттарын оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Пәнді оқытудың курсына мысты, қорғасынды, мырышты, алтынды, күмісті бөліп алудың теориялық заңдылықтарына негізделген ауыр түсті және асыл металдарды бөліп алудың жаңа технологиялары қарастырылады. Жаңа технологияларда Қазақстан территориясында кең таралған құрамында ауыр және асыл металдары бар минералды және техногенді шикізатты кешенді өндеудің пиро- және гидрометаллургиялық әдістері қамтылған. Сонымен бірге, металлургиялық өндірістердің газдарын, ағын суларын жоюдың жаңа технологиялары да оқытылады.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент минералды және техногенді шикізаттан ауыр түсті және асыл металдарды бөліп алу технологияларын білуі керек. Әдебиетпен жұмыс істеу және ауыр түсті және асыл металдарды бөліп алу және өндіруінің қазіргі технологиялары мен әдістемелерді талдауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургиядағы нанотехнологиялар».

#### **RPTVS439.1 Техногенді және екінші қайтара шикізат өңдеу проц. -4кредит**

**Пререквизиттері:** «Металлургиялық процестердің технологиясы», «Полиметалды шикізатты қайта өңдеу негіздері».

**Оқыту мақсаты:** Техногенді және қайталама шикізатты қайта өңдеу процестерін оқып үйрену.

**Қысқаша мазмұны:** Пәннің курсына кейбір ауыр түсті, асыл, жеңіл және сирек металдардың қайталама және техногенді шикізатының өңдеуіне қатысты сұрақтар баяндалған. Металл сынықтары мен қалдықтарының негізгі пайда болу көздері, олардың жіктелуі мен сипаттамасы қарастырылады, металлургиялық өңдеуге дайындайтын негізгі және қосымша жабдықтардың құрылысы баяндалған, қазіргі уақытының сұлбалары келтірілген. Қайталама және техногенді шикізатты өңдеуінің қазіргі заманғы пиро- және гидрометаллургиялық әдістері, негізгі ауыр, сирек, жеңіл және асыл металдарды кесекті қалдықтардан, шлактардан, шаңдардан, шламдардан, өндірістік ерітінділерден, сонымен қатар басқа бір қатар қайталама және техногенді қалдықтардан өндіру процестерінің негізгі технологиялық сұлбалары мен аппаратуралық жабдықталуы жарықтандырылған.

**Күтілетін нәтижелер:** Осы пәнді игеруден кейін студент техногенді және қайталама шикізатты өңдеу технологиясын, процестердің қазіргі уақыттағы сұлбалары мен жабдықтарын білуі керек. Әдебиетпен жұмыс істеу және техногенді және қайталама шикізатты өңдеу тәсілдерін талдауын меңгеруі қажет.

**Постреквизиттері:** «Металлургияның қазіргі уықыттағы жай-күйі және даму алғышарттары».

#### **АОGMP439.2 Гидро металлургиялық проц. аппарат. жабд. -4кредит**

**Пререквизиттер:** Металлургия процестерінің теориясы, Металлургия процестерінің технологиясы, Металлургия процестерінің жылуэнергетикасы.

**Оқыту мақсаты:** студенттердің гидрометаллургиялық процестерге арналған аппаратуралармен және жабдықтармен танысуы, есептеу жолдарын үйренуі, қолдану аймағы мен ерекшеліктерін игеруі.

**Қысқаша мазмұны:** Шаймалау үшін аппаратура. Классификация. Араластырушымен импеллерлі күбі. Конструкция. Әрекет ету қағидаты. Пачук. Конструкция. Әрекет ету қағидаты. Күбілер. Автокластар. Тағайындау. Классификация. Конструкциялар. Сұйықты қаттыдан бөліп алу үшін аппаратура. Классификация. Қойылтқыштар. Жалпы кемшіліктер, өзіндік конструкциялар және орталық және бүйірлеу еріксіз келтіруі бар қойылтқыштардың әрекет ету қағидатына. Қойылтқыш "Ламелла". Конструкция ерекшеліктері. Әрекет ету қағидаты. Сүзгілеу үшін аппаратура. Жалпы мәліметтер. Сүзгілердің классификациясы. Конструкция ерекшеліктері. Сүзгілеуді процестің ерекшеліктері. Ион алмасу қондырғылары. Пульсациялық сору бағаналары.

**Күтілетін нәтижелер:** студенттердің гидрометаллургиялық процестерді жарактандыру үшін қажетті аппаратуралар мен жабдықтарды таңдай білуі, баланстық есептеулер мен үйлесімді агрегаттарды таңдау арқылы процесті оңтайландыру жолдарын үйрену.

**Постреквизиттері:** дипломдық жұмыс және жобалау.

### **РАРМ439.3 Ұнтақты металлургияның проц. мен аппараттары-4кредит**

**Пререквизиттері:** «Физикалық химия», «Ұнтақты металлургия».

**Оқыту мақсаты:** алғашқы материалдарды қатты және сұйық күйінде майдалау, химиялық қосылыстарды тотықсыздандыру, қорытпаларды және ерітінділерді электролиздеу және басқа химико-металлургиялық әдістермен ұнтақты металдарды және қорытпаларды алу аймағында студенттердің білім алуы және олардың технологиялық аппараттар мен қондырғылардың конструкциясымен танысу.

**Қысқаша мазмұны:** Металл ұнтақтарын өндіру әдістерінің жіктелуі. Металл ұнтақтарын механикалық әдістермен өндіру (кесу және бөлшектеу). Металл ұнтақтарын механикалық әдіспен өндіру (майдалау және ұнтақтау). Ұнтақтарды тозаңдату әдістерімен алу. Темір ұнтағын тотықсыздандыру әдісімен алу. Вольфрам және молибден ұнтақтарын тотықсыздандыру әдісімен алу. Металл ұнтақтарын алудың карбонильді әдісі. Су ерітінділерінің электролизі әдісімен металл ұнтақтарын өндіру. Су ерітінділерінің электролизімен ұнтақтарды алу мысалдары. Балқытылған орталардың электролизімен металл ұнтақтарын өндіру. Металл ұнтақтарын цементациялау және кристаллит аралық коррозиямен алу. Ұнтақтарды алудың металлтермиялық және термодиффузиялық қанықтыру әдістері. Металл ұнтақтарын химия-металлургиялық әдістерімен өндіру.

**Күтілетін нәтижелер:** технологиялық жүйелерде массаны және жылуды тасымалды мен байланысты технологиялық процестерді талдай білу; энергия көзін таңдап алу және есептеу; технологиялық агрегаттардың жылулық және материалдық баланстарын жасау және олардың негізгі өлшемдерін есептеу.

**Постреквизиттері:** дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау.

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени К.И. САТПАЕВА

КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН  
СПЕЦИАЛЬНОСТИ 5В070900 – МЕТАЛЛУРГИЯ

Алматы 2015

Каталог элективных дисциплин утвержден научно-методическим советом Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева (протокол №5 от «05» июня 2015 г.). Алматы, КазНТУ, 2015.

Каталог включает в себя перечень элективных дисциплин (компонента по выбору) специальности, пререквизиты и постреквизиты дисциплин, цель изучения дисциплины, их краткое содержание, ожидаемые результаты.

## ПАМЯТКА ОБУЧАЮЩЕМУСЯ И ЭДВАЙЗЕРУ

Все учебные дисциплины специальности в бакалавриате делятся по циклам ООД, БД, ПД, БД,ПД в магистратуре и докторантуре, модулям, внутри которых они разделяются на обязательные и элективные (по выбору) дисциплины. Перечень обязательных для изучения дисциплин приводится в типовом учебном плане специальности (ТУПл). Перечень элективных дисциплин для каждого курса специальности представляется в каталоге элективных дисциплин (КЭД), который является систематизированным аннотированным перечнем дисциплин по выбору специальности. КЭД должен давать (обеспечивать) обучающимся возможность альтернативного выбора элективных учебных дисциплин в соответствии с выбранной траекторией обучения.

На основании ТУПл и КЭД формируется индивидуальный учебный план (ИУП) обучающегося на учебный год. Помощь бакалаврам и магистрантам при составлении ИУП оказывает эдвайзер, назначенный выпускающей кафедрой. Докторанты ИУП составляют самостоятельно. ИУП определяет индивидуальную образовательную траекторию каждого обучающегося в рамках специальности. В ИУП включаются дисциплины обязательного компонента и виды учебной деятельности (практики, исследовательская работа, государственный (комплексный) экзамен, написание и защита дипломной работы (проекта), диссертации) из ТУПл и дисциплины компонента по выбору из КЭД.

В помощь бакалаврам образовательной траектории, ориентированной на конкретную сферу деятельности с учетом потребностей рынка труда и работодателей, в рамках КЭД должен быть представлен перечень дисциплин, гарантирующий обучающимся целенаправленное освоение намеченной образовательной программы.

При выборе элективных дисциплин необходимо учитывать следующее:

1 В одном семестре студент очной формы обучения должен освоить 18-22 кредита (обязательных и элективных), дистанционной формы – 9-12 кредитов (обязательных и элективных), без учета дополнительных видов обучения (ДВО), которые являются обязательными для изучения.

2 Общее количество кредитов за весь период обучения не должно превышать указанное в ТУПл специальности количество.

3 Элективные дисциплины объединены в группы по выбору с соответствующим номером. Из каждой группы дисциплин можно выбрать только одну элективную учебную дисциплину.



**Академическая степень: (для бакалавров):**

**1 курс**

№	Наименование модуля	Цикл дисциплины	Код дисциплины	Наименование дисциплины	Кол-во кредитов	Семестр
1	Теоретические основы модуля	БД1.2.5	VvS 1205	Введение в специальность	3	1
2	специальности	БД1.2.5.1	OS 1205.1	Основы специальности	3	1

**VvS 1205 Введение в специальность -3 кредита**

